

**"Қоршаған ортаны қорғау саласында өндірістік бақылауды ұйымдастыру
Қағидаларын" бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрінің 2001 жылғы 11 наурыздағы N 50-п бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 20 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1472. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2010 жылғы 02 сәуірдегі № 81-ө бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2010.04.02 № 81-ө бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Z970160_Заңының 78 бабына сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған "Қоршаған ортаны қорғау саласында өндірістік бақылауды ұйымдастыру Қағидалары" бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілгеннен кейін күшіне енеді.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау, Бас Мемлекеттік инспекциясы Департаментіне (Елеушов Б.С.) жүктелсін.

Министр

Іске, Комитеттерге, Департаменттерге, Аумақтық облыстық басқармаларына жіберілсін.

Қазақстан Республикасы
табиғи ресурстар және
қоршаған ортаны қорғау
Министрінің 2001 жылғы
11 наурыздағы N 50-п
бұйрығымен бекітілген

**Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
өндірістік бақылауды ұйымдастырудың
Қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы өндірістік бақылау Қазақстан Республикасы "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Z970160_ Заңының 20 және 76-шы баптарына сәйкес кәсіпорындардың және ұйымдардың (бұдан әрі - объектілер) қоршаған ортаға келтіретін ықпалын анықтау, болдырмау үшін, сондай-ақ анықталған табиғат қорғау заңдарының бұзушылықтарын жою жөнінде шаралар қабылдау мақсатында жүргізіледі.

2. Осы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы өндірістік бақылауды ұйымдастырудың Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) шаруашылықты іске асыратын және табиғат қорын пайдаланатын меншік нысандарына және бағыныштылығына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдарға (соның қатарында анықталған ережемен әскери және қорғаныс объектілер), басқа да заңды және жеке тұлғаларға жайылады.

3. Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 8, 78-ші баптарына сәйкес өндірістік бақылау ол туралы орталық органдармен немесе қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы уәкілеттік мемлекеттік органдарының бекіткен кәсіпорындардың қағидалары негізінде өткізіледі.

2. Өндірістік бақылауды ұйымдастыру

4. Объектілерде өндірістік бақылау өндірістік мониторинг мәліметтері негізінде іске асырылуы керек.

5. Өндірістік бақылау объектілерде жоспар бойынша не жоспардан тыс (кенеттен) өткізілуі мүмкін.

6. Жоспарлы өндірістік бақылау қоршаған ортаны қорғау объект қызметі дайындаған, шаруашылық субъекті басшысы бекіткен, қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық мемлекеттік органымен келісілген тексеру жоспарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

7. Жоспардан тыс (кенеттен) өндірістік бақылау, қоршаған ортаны қорғау қызметінің объектінің қоршаған ортаны қорғау белгіленген сапа нормативін

қадағалауы және экологиялық талаптардың табиғат қорғау заңдылығын, сонымен қатар ішкі табиғат қорғау нұсқауларының, шаралардың, әкімшіліктің қоршаған ортаны айықтыруға бағытталған бұйрықтары мен өкімнің орындалуын білу мақсатында өткізіледі.

8. Өндірістік бақылаудың қорытындысы бойынша тиісті өндірістік Акт жазылады, ол орта буындағы қызмет адамдарына табиғат қорғау заңдылықтарындағы кемшілігін жоюға ұйғарым ретінде беріледі және шара қолдану үшін объект бастықтары ескертіледі.

9. Қоршаған ортаға нормадан тыс ластағыш заттарды шығару байқалған жағдайда, сондай-ақ техногендік сипатта төтенше экологиялық ахуал туғанда, объектінің қоршаған ортаны қорғау қызметкері дереу басшылықты хабарландырып, жағдайды қалпына келтіруге, ал ол заңдарды белгіленген тәртіп бойынша қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік органдары мен басқа ведомстволарға хабар береді.

Өндірістік бақылау кезінде мынадай жағдайлар тексеріледі.

10. Жер ресурстарын қорғау мен қалдықтарды жою бойынша:

1) жер жағдайына кері әсер етуші шаруашылық және басқа қызмет түрлерінде экологиялық талаптарды сақтау;

2) жерді ластанудан және өндірістік қалдықтармен ластанудан, химиялық, биологиялық және радиоактивтік заттардан, басқа бұзу процестерінен қорғау;

3) қолдану, сақтау, тасымалдау, залалсыздандыру және көму, химизация құралдары және биологиялық заттар, сонымен қатар қажетсіз пестицидтер мен тәртібін сақтау;

4) жер учасоктерінде топырақ құнарлығын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі эрозиялық қарсы шараларды дер кезінде және дұрыс жүргізу;

5) бұзылған жерлерді, олардың өнім беруін және басқа да жердің пайдалы жақтарын қалпына келтіру және оларды уақытында шаруашылық айналымға тартуды қамтамасыз ету;

6) жердің бұзылуымен байланысты жұмыстарды жүргізу барысында, өнім беруші құнарлы жерді алу, сақтау және пайдалану;

7) мемлекеттік экологиялық сараптауында белгіленген шарттардың орындалуын бақылау ;

8) мемлекеттік бақылау органдарының берген нұсқамаларының орындалуы.

11. Атмосфералық ауаны қорғау және радиациялық жай бойынша:

1) мүмкін деп шектелген шашылымдардың рауалды шығарымды жобасына сәйкес, ластандырушы заттардың шашылымдарының белгіленген нормативте сақтауды инструменталдық қадағалау және шашылған ластандырушы заттардың инструменталдық өлшеуінің қорытындысы белгіленген нормативтерге сәйкес болуы ;

2) экологиялық сараптамадан өткізбей пайдалануға қосылған объектілерді анықтау ;

3) белгіленген тәртіппен бекітілген шектелу рауалды шығарымды томы және ластандыру заттарды атмосфераға шашуға рұқсат болуы;

4) атмосфераға шашылуларды төмендету туралы және нормативті мүмкін деп шектелген рауалды шығарымды жобасына сәйкестікке жетуді тексеру;

5) мемлекеттік бақылау органдарының берген нұсқамаларының орындалуы;

6) жанармай мен газда істейтін технологиялық қондырғылардың жұмыс орындарында жергілікті карта болуын;

7) атмосфераны ластандыру кезінде тазарту қондырғылар бар болуы, егер оны өндірістің технологиясы талап етсе және олардың паспорттарының бар болуы , дұрыс толтыруын ;

8) қорғау заң жиынтығының талаптарын бұзатын ауаға шашылымдары бар объектілер мен агрегаттарды пайдалануға қосу, реконструкция жасау, молайту жаңадан құрылыс жасау туралы фактілер;

9) радионуклидтердің атмосфера ауасын, жерді және су қоймаларын ластауын ;

10) радиоактивтік қалдықтарын сақтау (көму) шарттары;

11) объектілердің және қоршаған орта факторларының радиоактивтік ластануының, ескертілуінің өндірістік технологиялық регламенттерін бақылау;

12) мемлекеттік экологиялық сараптауында белгіленген шарттардың орындалуын бақылау.

12. Су ресурстарын пайдалану және қорғау бойынша:

1) мемлекеттік бақылау органдарының берген нұсқамаларының орындалуы;

2) тазартқыш қондырғыларының технологияға сәйкес жұмысын, суды қайта айналып пайдалану жүйесінің жұмысын және жер үсті суларын алған кезде балық қорғау құрылғысының технологиялық шарттарға сәйкестігін;

3) төгінді сулардың тазалау дәрежесінің қадағалануы және шектеулі рауалды төгіндіде белгіленген нормативтердің қадағалануы;

4) суды алу есебін белгіленген нысанда жүргізу және белгіленген нысанда тастанды, төгінді сулардың сапасын бақылау;

5) нақты алынған судың және төгінді судың рұқсат етілген және 2-ТП (водхоз) есебіндегі көлемге сәйкестігі;

6) суды қорғау шараларының орындалуы;

7) мемлекеттік экологиялық сараптауында белгіленген шарттардың орындалуын бақылау.

3. Қауіпсіздік техникасы

Өнеркәсіпті тексеру алдында өндірістік бақылауға жауапты лауазымды тұлға қауіпсіздік техникасы жөніндегі арнайы және жалпы ережелермен, нұсқаулармен және аталған өнеркәсіп үшін өндірістік санитариясының ережелерімен танысуы қажет.